

"Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1377 Қаулысы

Қазақстан Республикасының сақтандырурын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Сақтандырурынан аныкталған өнімдердің жекелеген түрлерін дамытуға жәрдемдесу Қоғам қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамаға белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты есебінен қалыптасуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі жөніндегі уәкілдегі органға бергенге дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне берілсін;

3) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулының 2-қосымшасында:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-59-жолмен толықтырылсын:

"21-59 "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 217-7-жолмен толықтырылсын:

"217-7 "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ";

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК